

## Қазақстан Республикасының меншігіне Италиян Республикасында жер учаскесін сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 мамырдағы N 555 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейіннен онда Қазақстан Республикасының Италиян Республикасындағы Елшілігінің әкімшілік ғимаратын және Қазақстан Республикасының Италиян Республикасындағы Елшісі резиденциясының ғимаратын салу үшін Қазақстан Республикасының меншігіне Рим қаласы, Кассий көшесі, 471 мекен-жайы бойынша орналасқан алаңы 84775 шаршы метр жер учаскесін (бұдан әрі - жер учаскесі) сатып алу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жер учаскесін сатып алуға арналған шығынға ақы төлеуге 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақы төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 6450000 (алты миллион төрт жүз елу мың) еуроға баламалы сомада қаражат бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*